




14 шілде, сейсенбі 2020 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

● ПРЕЗИДЕНТ

ПАНДЕМИЯ ҚҰРБАНДАРЫН ЕСКЕ АЛУ РӘСІМІНЕ ҚАТЫСТЫ



Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев пандемия құрбандарын үнсіз еске алу рәсіміне қатысты

Мемлекет басшысының Әкімімен 13 шілде – жалпыұлттық аза тұту күні белгіленген болатын. Осыған орай түнгі сағат 00:00-ден бастап еліміздегі барлық

Мемлекеттік Ту төмен түсірілді. Ал кеше 13 шілде Нұр-Сұлтан қаласының уақытымен сағат 12:00-де республика бойынша коронавир

бір минут үнсіздікпен еске алу жарияланды.

Жалпыұлттық аза тұту күніне орай Қасым-Жомарт Тоқаев Ақорда резиденциясының алдында індеттен қаза болған азаматтарды құрметпен еске алды. Сонымен қатар, рәсімге Мемлекеттік хатшы Қырымбек Көшербаев, Президент

Әкімшілігінің Басшысы Ерлан Қошанов, Қауіпсіздік Кеңесінің хатшысы Әсет Исекешев, Президент Кеңесінің бастығы Нұрлан Оңанов, Денсаулық сақтау министрі Алексей Цой қатысты.

Індет құрбандарын үнсіз еске алу рәсімі республиканың барлық аймағында өтті.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен наградтау туралы ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Қазақстан Республикасына сіңірген аса үздік еңбегі, қызметтік борышын атқару үстінде көрсеткен жанқиярлығы үшін:
жоғары дәрежелі ерекшелік белгісі – «Қазақстанның Еңбек Ері» атағы беріліп, айрықша ерекшелік белгісі – Алтын жұлдыз бен «Отан» ордені тапсырылсын:

Исаев Олег Николаевич (марқұм)	Ақмола облысының денсаулық сақтау басқармасы жанындағы «Көкшетау қалалық көпбейінді ауруханасы» МКК бөлімше меңгерушісі.
Қозбағаров Калихан Есбосынұлы (марқұм)	«Облыстық клиникалық жұқпалы аурулар ауруханасы» МКК бас дәрігері, Ақтөбе облысы.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті
Қ.ТОҚАЕВ

Нұр-Сұлтан, Ақорда, 2020 жылғы 13 шілде
№ 370



Карантин шілденің соңына дейін жалғасады

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев карантин тағы екі аптаға созылатынын мәлімдеді. Бұл туралы Президент Twitter парақшасында жазды.

"Еліміздегі эпидемиологиялық ахуалға байланысты карантин режимі тағы екі аптаға созылып, шілденің соңына дейін жалғасады. Ертең Үкіметтік комиссия шешім қабылдайды. Азаматтарымыз денсаулығын сақтау үшін карантиннің негізгі талабы – өзін-өзі оқшаулау шарасын қатаң ұстануы қажет. Қазір жағдайдың реттеле бастағанының алғашқы нышандары байқалады. Ахуалды толық тұрақтандыру үшін алдағы екі аптаның маңызы зор. Мұқтаж жандарға Үкімет шілде айына 42,5 мың теңге төлейді", деп жазды Мемлекет басшысы.

БІР МИНУТ ҮНСІЗДІК

індеттен қайтыс болғандарға арналды

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Әкімімен 13 шілде – Қазақстан Республикасында коронавирус індетінен қайтыс болған азаматтарды еске алу және жалпыұлттық аза тұту күні болып жарияланды. Кеше аймақта 1 минуттық үнсіздікпен еске алу рәсімі өтті.

Дәулет ҚЫРДАН,
«Сыр бойы»

КЕСЕЛІМЕН КҮРЕСТІҢ КЕШЕНДІ ШАРАЛАРЫ

Кеселді жұқтырған алғашқы пациент анықталғалы бері 5 ай ел үшін сынақ кезеңіне айналғаны рас. Вирусты жұқтырғандар қатары аз емес. Осыған байланысты алдын алу шаралары күшейтілуде. Инфекциядан сақтану мен оны тоқтату жолындағы қарекет жаман емес. Облыс көлемінде де COVID-19 індетімен күреске бағытталған бірқатар шара жүзеге асып жатыр.

Мәлдір ҚАЛЫМБЕТ,
«Сыр бойы»

Бүгінде инфекция жұқтырған және оған күдікті науқастарға 2390 төсек орын ұйымдастырылған. Оның 600-і инфекциялық, 1790-ы провизорлық төсек орындар. Алдағы уақытта қосымша провизорлық төсек орындарын ашу жоспарда бар. Бұл ретте облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте «Қазіргі таңда облыстық фтизиопульмонология орталығы базасында қосымша 120 орынға инфекциялық және Шалқия елді мекенінде 30 орындық провизорлық стационар ашу жұмыстары жүзеге асырылды. Егер қажеттілік туындаған жағдайда жеке клиникаларды да пайдалануға келісім бар» деген болатын. Сонымен қатар облыс басшылығы «Үйдегі

стационар» принципімен жұмыс күшейтілетінін хабарлады, қазір бұл бағытта жұмыс істейтін 7 бригада 21-ге көбейтілген. Өкпені жасанды желдету аппараттары мен оттегі баллондарының жетіспеушілігін шешу бағытында да тиісті жұмыстар қолға алынды.

Жедел жәрдем қызметінен бөлек, емханалар жанынан құрылған мобильдік топтардың тұрғындарға көмек көрсетіп жатқанынан ел хабардар. Дер кезінде дұрыс медициналық көмек көрсету мақсатында мамандар үйде емделіп жатқан сырқаттарды дәрігерлік бақылауға алған. Қазір облыс бойынша 125 мобильдік топ ұйымдастырылды. Олардың 33-і қалада, 28-і аудан орталықтарында және 64-і елді мекендерде.

2-бет

БАСТЫ МАҚСАТ – ТАПШЫЛЫҚТЫ БОЛДЫРМАУ

Пандемия кезінде халықты дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету, оның бағасына байланысты мәселенің өзектілігі артты. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев мұны Үкіметтің 10 шілде күнгі кеңейтілген отырысында сынға алды.

Назерке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы»

«Біз қазір дәрі жетіспеушілігі мен оның бағасын қолдан қымбаттату мәселесін шешуге мәжбүр болып отырмыз. Бұл жағдайды тез арада реттеп, барлық өңірді дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету керек. Жұмыс жүргізілуде. Енді нәтиже керек», – деді ол.

Президент тапсырмасына сәйкес елдің әр аймағында дәрі тапшылығын жою бағытында ауқымды жұмыс атқарылып жатыр. Облыстық денсаулық сақтау басқармасының мәліметіне сүйенсек, «СК Фармация» серіктестігіне берілген өтініш бойынша өңірдегі инфекциялық және провизорлық стационарларға қажетті медициналық препараттар келіп түсуде. Аурудың көбеюіне байла-

нысты барлық емхана қосымша амбулаторлық дәрі-дәрмек алдыртпақ. Министрліктің емдеу және диагностикалау хаттамасына сәйкес антибиотиктер амбулаторлы жағдайда пневмония диагнозы анықталған науқастарға беріледі.

Мәселені реттеуде көрші мемлекеттермен қарым-қатынас та маңызды рөлге ие. Оның ішінде Ресей мен Катардан жеткізілген дәрі-дәрмек көп ұзамай ауруханалардың, қала мен аудан орталықтарындағы дәріханалардың сөресіне түспек. Ал Өзбекстаннан құны 150 млн теңгегі құрайтын дәрілік заттар алу жөнінде келісімшарт жасалып жатыр. Ол да жақын арада облысқа әкелінеді.

2-бет

ҚАУІПТІ ІНДЕТТІҢ ҚҰРЫҒЫ

Worldometers 13 шілде күні таңертең мынадай мәлімет таратты: әлемде 13 041 695 адам коронавирус жұқтырды. Оның 571 660-ы қайтыс болды, 7 588 092-сі емделіп шықты. Науқастар (3 413 995 адам) саны жөнінен де, көз жұмғандар (13 7782) саны жөнінен де АҚШ алда тұр. Иә, статистика күн сайын құбылуда. Әлемді әлсеске салған дерттің уыты әлі де қайтар емес. Алда тағы қандай көлемде зардабын тигізетінін ешкім тап басып айта алмайды.

Ошағы Қытайдың Хубэй провинциясы саналатын қауіпті індет айналдырған екі апта ішінде басқа мемлекеттердің территориясына тарап үлгерді. Оны жаппай жұқтырудың алғашқы дерегі өткен жылдың желтоқсанында тіркелді. «Вирус аталған провинцияның Ухань қаласындағы теңіз өнімдерін сататын көтерме базардан шықты» деген дерек бар. Базарды жапқанға дейін мұнда теңіз сүтқоректілері, жарғанат, етеш, қоян, жылан сатылған. Қытайлық вирусологтар осылардың біреуі ауру көзі болуы мүмкін екенін тұспалдап отыр.

Алғашқы айда жаңа коронавирусты шамамен 6 мың адам жұқтырып, 130 адам дүниеден озды. Қытай Хубэйдің 17 қаласындағы

56 млн адамды карантинге жауып, жақын мегаполистермен арадағы көлік қатынасын тоқтатты. Кейін коронавирустың бұл түрі 2000 жылдың басында осы елде пайда болып, 800-дей адамның өмірін жаламаған SARS-CoV вирусмен 90 процентке ұқсас екені дәлелденді. Оған әуелі 2019-nCoV деген код беріп, 11 ақпаннан бастап SARS-CoV-2 деп ауыстырды.

COVID-19 атауын иеленген жұқпа тез тарағандықтан Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы 11 наурызда оны пандемия деп жариялады. Көптеген мемлекетте адамдардың қарым-қатынасын шектейтін қатаң шаралар қабылданды. Эпидемияны тежей білген жекелеген елдер

экономикалық шығынды азайтып, әлеуметтік проблема туғызбау үшін қатаң шектеулерді біртіндеп жеңілдетті.

Бүкіл әлемді алаңдатып отырған індет елімізге де оңай тиген жоқ. Қауіптің бетін қайтару мақсатында 16 наурыз бен 11 мамыр аралығында төтенше жағдай режимі жарияланды. «Бүгін бүкіл ел аумағындағы төтенше жағдай режимі аяқталды. Алайда кейбір аймақтарда дерттің таралуы басқандықтан індет толығымен жойылып кеткен жоқ. Пандемия халықтың денсаулығына әлі де қауіпті. Сондықтан карантиндік шектеулер әр өңірдегі жағдайдың жақсаруына қарай біртіндеп алынады», – деді Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комиссияның қорытынды отырысында.

Пандемия басталғалы бері батыл әрі қатаң шаралардың қабылдануы көптеген адамның өмірін сақтап қалуға мүмкіндік берді. Бірақ азаматтардың карантин шарала-

рын жаппай сақтамауы, Денсаулық сақтау министрлігінің бұйрығы басшылығының жүйелі қателіктері және әкімдердің сылбырлығы салдарынан коронавирустың екінші толқыны жүрді. Пневмония асқынып кетті. Осыған байланысты 5 шілдеден бастап елде екі апталық карантин шаралары енгізілді. 8 шілдедегі телевизиялық үндеуінде Президент мұның дұрыс шешім болғанын атап өтті. Кеше Мемлекет басшысы карантин айдың соңына дейін созылатынын айтты.

«Әр қазақ – менің жалғызым» дегендей, әр азаматымыздың қазасы менің жүрегіме қатты батады. Мынау алапат індет арамыздан талай асылдарымызды жұлып әкетуде. Бүгінде қара жамылып отырған азаматтардың қайғыларына ортақтасып, көңіл айтамын», – деген Мемлекет басшысы 13 шілдені Ұлттық аза тұту күні ретінде жариялады. Осылайша кеше барлық аймақтағы ғимараттардан Мемлекеттік Ту төмен түсіріліп, қазақстандықтар пандемия құрбандарын еске алды.

2-бет

● COVID-19: МАМАН МІНБЕРІ

Санитарлық талап сақталуы тиіс

Дәл осы уақыт тұмау маусымы емес, бірақ осы ауру мен пневмония өршіп тұр. Вирустан сақтану үшін көпшілік жерлерге, ұзақ уақыт кезек күтетін орындарға, базарға бармаған дұрыс. Сыртқа шыққан уақытта міндетті түрде маска тағып, мүмкіндік болса қолғап киіп, өзіңізбен бірге антисептик ала жүріңіз. Себебі, антисептикалық заттар, хлор вирусты тез жояды. Ол ауада ұшып жүрмейді, сондықтан үйдің ішін ылғалдап, заттардың бетін жиі сүртіп, бөлмені желдету қажет.

2-бет



Суретті түсірген Нұрболат НҰРЖАУБАЙ



● МЕМЛЕКЕТТІК НАГРАДА ИЕГЕРІ

"ЖАСЫМАС ЖІГЕР СЫЙЛАДЫ"



Дәулет ҚЫРДАН, «Сыр бойы»

— Марапаттап, құрметтеп жатыр ғой. Біз — қызметімізді ел алдындағы міндетіміз деп ұғатын саланың өкілдеріміз. Аурухананың реанимация бөлімінде жұмыс істеймін. Бізге өте ауыр жағдайдағы науқастарды әкеледі. Күнделікті қарбаласта жұртшылықтың денсаулығы үшін жанталасып жатырмыз. Еңбегімізді елеген аймақ басшысына мың алғыс. Мәселе марапатта емес, бұл — ұжым еңбегінің жемісі. Вируспен жұдырықтай жұмылып күресудеміз. Марапат — әріптестерімің мерейі. Ал ең негізгісі, бұл қолдау мен еңбекті елеу бізге халық денсаулығы үшін майдаңда үлкен рух, жасымас жігер сыйлады, — дейді Такина Нұржанова.

Дәрігер боламын деген арман оны арайлы Акемешітке бағыттаған. Десек те дәрігер болмады, медициналық училищенің студенті атанды. Ол үшін әсте ешқашан өкінген емес. Өкінебейді де. Өзін қоғам үшін керек екенін сезінген адамның бақытты екенін білесіз. Такина Қуанышқызы — осындай жан. Қармақшы ауданының Майлыөзек ауылынан 1987 жылы оқуға келген жас 1989 жылы училищені тәмамдады да, сол жылы жаңадан ашылған облыстық жұқпалы аурулар ауруханасының реанимация бөліміне орналасқан. Содан бері талай жыл өтті. Биылғы деңдеген дертпен күресте жинаған тәжірибесін барынша жұмсап жүр.

Бұл індетке шалдыққандардың бойында үрей бар. Оларға ең әуелі психологиялық тұрғыда көмек көрсетеміз. Қандай жағдай болмасын, күдер үзуге, жаман ойлауға болмайды. Тек жақсылыққа, дәрігерлерге сенім артқан абзал. Бүгінде біз қажетті ем-дом шараларын қолданып, оларға барынша көмектесеміз. Әрбір науқастың аман-есен отбасымен қауышқанын қалаймыз. Қазір жеке өмірді ысырып қойып, қоғам үшін еңбектеніп жатқан жандармыз, — дейді Такина Қуанышқызы.

Бүгінде Такина Нұржанова басқа әріптестерімен бірге арнайы бөлінген жатақханада тұрады. Науқастармен тікелей жұмыс істеген соң, ол айналасындағы басқа адамдардың басын қатерге тікпейді. Сактық шараларын өзі үшін де, қоғам үшін де басты қағида еткен. Мейіргер жұртшылықты қауіпсіздікті қатаң сақтауға, өздері мен жақындарын қорғауға шақырды.

● «ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУДЫҢ ЖОЛ ҚАРТАСЫ»

ШАРУАСЫ МЫҒЫМНЫҢ СЕНІМІ БЕКЕМ

Шиелі ауданында «Жұмыспен қамтудың 2020-2021 жылдарға арналған жол картасы» аясында әлеуметтік-мәдени, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық нысандарын және инженерлік-көлік инфрақұрылымды жөндеу жұмыстары тоқтаусыз жүргізілуде.

Аталған бағдарлама аясында Шиелі ауданы бойынша 21 жоба белгіленсе, оның 3-і облыстық бюджеттік бағдарлама әкімшілері арқылы жүзеге асады. Олардың жалпы құны — 3002072 мың теңге. Осы жобалар бойынша жаңадан 751 жұмыс орны ашылса, оның ішінде жұмыспен қамту орталығы арқылы 378 адам жұмыспен қамтылды.

Бүгінгі күнге 21 жобаның ішінен жеңімпаздар анықталды. 18 жоба бойынша тиісті мөлметтер «Жұмыс орындарын құрудың интеграцияланған картасы» ақпараттық жүйесіне орналастырылып, 378 жұмыс орны енгізілді. Сондай-ақ, жұмыс арала Шиелі кентіндегі алейяны абаттандыру, Байсын ауылына газ тарту желілерінің құрылысы, Сырлария өзеніндегі қалқымалы көпірді күрделі жөндеу жұмыстары басталуы тиіс. Олардың дайындық шаралары жүзеге асырылуда.

— Қазіргідей күрделі жағдайда тұрғындардың әлеуметтік жағдайы,

күнделікті тіршілігі мен күнкөрісі назарда ұсталады. Осы орайда жоғарыда аталған жол картасы аясындағы бастамаларда ірікіліс болмауы тиіс. Атап көрсететін нәрсе, жүзеге асырылатын жобаларға сәйкес құрылатын жұмыс орындарының саны 30-ден астамын 5 жоба бар. Бұл туралы жұртшылықты хабарлар ете отырып, оның үйлесімді атқарылуына мән берудеміз, — дейді аудан әкімі Камбарбек Мұбаракوف.

Осы жобалардың бюджеттік бағдарлама әкімшілері мен мердігерлеріне рекруттік мобильдік пункттер құру жөніндегі тапсырма беріліп, қазіргі уақытта 3 жоба бойынша (Шиелі ауданындағы «Самара-Шымкент-Тартогай» автомобиль жолының 7,4 шақырымын орташа жөндеу, Шиелі ауданы Жиделіарық елді мекенінде 150 орындық ауыл клубын салу, Төңкеріс ауылындағы №158 орта мектепті ағымдағы жөндеу) рекруттік мобильдік пункт іске қосылды.

Жұмыс ретіне қарай Шиелі кентінің «Көкшоқы» шағын ауданын-

дағы атқарылып жатқан шаруаларды бағамдап үлгердік. Мұнда 4 жоба жүзеге асырылуда. «Нұр-Талап и К» ЖШС шағын ауданның көше жарығын орнату жұмыстарын жеделдетіп жүргізіп келеді. Бұл жерде 37 адам жұмыспен қамтылған. Оның 19-ы жұмыспен қамту орталығы арқылы жіберілген. Сондай-ақ, осындағы көпқабатты тұрғын үйлердің ауласын абаттандыру бойынша да ілкімді шаруалар жүзеге асырылуда. Жоба жеңімпазы — «Шиелі-Жолшы» ЖШС.

Кенттегі Тоқтаров, Бекежанов, Қоңыратбаев, Аймауытов, Әл-Фараби көшелеріне жаяу жүргіншілер жолаларын орнату жұмыстарын мердігер «Ақ-Юг Құрылыс» ЖШС қолға алды. Бұл жұмысқа 10 адам тартылып, орталық алейяны абаттандыру жұмыстарын сапалы атқаруда. Осы жерде 21 шиелілік жұмыс орнымен қамтылып отыр.

Күнделікті сактық шараларына мән берумен қатар ертеңгі күн үшін қажетті шаруалардың қатар жүргізіліп отырылуы ұйымдастыру жұмыстарының қалыңа түскендігін көрсетсе керек. Бұл тұрғындардың сенімін нықтап, елдің ортақ мүдде барысындағы ұйысуын бекемдейді.

Нұрмахан ЕЛТАЙ. Шиелі ауданы

БАСТЫ МАҚСАТ – ТАПШЫЛЫҚТЫ БОЛДЫРМАУ

Айта кетейік, бүгінде Қызыл-ордада дәрі-дәрмек жетіспеушілігін болдырмау мақсатында арнайы мониторинг тобы жұмыс істейді. Оның құрамында облыстық тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау, экономикалық тергеу департаменттері, денсаулық сақтау, кәсіпкерлік және туризм басқармалары, фармацевтика қызметін қолдау және дамыту ассоциациясы, құқық қорғау органдары, үкіметтік емес ұйымдардың 1-бет

КЕСЕЛМЕН КҮРЕСТІҢ КЕШЕНДІ ШАРАЛАРЫ

Құрамына 1 дәрігер, 1 орта буын қызметкері және 1 жүргізуші кіреді. Мамандардың айтуынша, шақыртулардың басым бөлігі салқын тию, дене қызуының көтерілуі, құрғақ жөтелге байланысты. Олар пациенттің үйіне барысымен дене қызуын өлшеп, тамағын қарап, өкпесін тыңдайды. Егер науқастың жағдайы ауыр болса, кезекші ауруханаға тасымалдайды. Осындай мобильдік топтар Қызылорда қаласындағы №1 емхана жанынан да қызметін 1-бет

● МОНИТОРИНГТІК ТОП

ДӘРІ ҚОРЫ МЕН БАҒАСЫ қатаң бақылауда

Дәріханалардағы баға мен дәрі қоры қатаң қадағалауда. Фармацевттер шаһарда өнімдердің тез таусылып жатқанын мойындайды, яғни қоймаларға дәрілер атта сайын келіп түседі, бірақ сауда қызу. БАҚ өкілдері облыстың бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің қаулысы негізінде құрылған арнайы мониторингтік топпен бірге кезекті бақылау шараларын жүргізген еді.

Мәлідр ҚАЛЫМБЕТ, «Сыр бойы»

Біз қала орталығындағы 6 дәріханаға зерделеу жұмыстарымен бардық. Нәтижесінде тапшы дәрілердің мұнда да жоқтығы анықталып отыр. Мәселен, С.Торайғыров №180 көшесіндегі ЖК Зейнулласа дәріханасының сөресінде С витамині, парацетамол, цефамед пен цеф III препараттары мүлде жоқ. Алайда, оның орнына анаферон, амизон, глориносин, зитмак, суммамед, цефазолин, цефтаролин, оспамокс, амоксиклав

пен анальгин секілді аналогтар, ыстықты түсіретін, антибактериалды дәрілік заттар бар.

С.Торайғыров №59 мекен-жайында орналасқан «Ақмаржан» серіктестігіне қажетті тауар келіп түскен. Мұнда арбидол, лавомакс, метасеф, лавомак антибиотиктері болды. Бірақ, бұл дәріханада парашетамол мен аспири́н жоқ. Парацетамол С.Торайғыров көшесіндегі «Осеан» гипермаркеті жанындағы дәріханада да болмады. Бұл



дәріханада глюкоза, цефтриаксон, цефазолин, витамин С қоры жеткілікті болғанымен, цефамед, зүфилин мен дексаметазон препараты тапшы.

Қорқыт ата мен М.Шоқай көшелерінің қиылысындағы «Апсар» дәріханасында цефтриаксон, ципролет, метрид, зитмак, оспамокс, амоксиклав, цефазолин, цефамед, витамин С болды. Мониторингтік топтың өкілі Ләззат Бақтыбаеваның айтуынша, кеше қаладағы көптеген дәріхана қажетті қормен толықтырылды.

— Қазіргі таңда С витамині біз аралаған бірнеше дәріханаға келіп түскен. Бағаны негізсіз өсіру фактісі орын алмады. Тағы бір айта кететін жанайт, халықтың басым бөлігі вирусқа дексаметазон ем деп ойлап жүр. Ол — гормондық дәрі. Оны тек дәрігердің нұсқауымен ғана қолдану қажеттігін ескерген жөн, — дейді ол.

Мониторингтік топтың жұмысы 8 шілдеден бастап қарқын алғанын айту керек. Құрамында облыстық тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаменті, денсаулық сақтау, экономикалық тергеу департаменті мен кәсіпкерлік және туризм басқармалары, фармацевтикалық қызметті қолдау және дамыту ассоциациясы мен үкіметтік емес ұйым өкілдері бар топ алдағы уақытта да бақылау жұмыстарына атсалысмақ.

АДАЛ ЕҢБЕКТІҢ НАНЫ

Мен Жалағаш ауданына қарасты Т.Жүргенов ауылында тұрамын. Елді мекенде орналасқан №117 Ә.Оңалбаев атындағы орта мектеп ғимараты 1987 жылы пайдалануға берілген болатын.

Ақ кірпіштен салынған мектепке содан бері ешқандай жөндеу жүргізілген жоқ еді. Негізінде 464 балаға арналған білім шаңырағында бүгінде 332 өрен тәлім алады. Қазір мұнда бас мердігер ретінде «Realstroyinvest» ЖШС құрылыс жұмыстарын жүргізуде. Мамыр айында басталған жұмыс тамызда толықтай аяқталады деп күтілуде.

Жобаның жалпы құны — 219,1 млн теңге. Компания өкілі Серік Файзуллаевтың айтуынша, жөндеу барысында ғимараттың есік-терезесі мен шаптары ауыстырылды. Ғимараттың ішкі сылақтары қайта сыланып, еден жаңаланды. Көріз жүйесі жүргізілді. Сыртқы қоршау жаңартылып, мектеп аумағы абаттандырылды. Мұнда «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламасы арқылы барлығы 71 адам тартылған. Олардың 36-сы жұмыспен қамту орталығы арқылы келді.

Жалақы көлемі 80-85 мың теңгені құрайды. Бұл ауылдық жерде аз табыс емес. Бағдарлама біз секілді жастарға көп жәрдемің тиігзді. Әуелі тұрмысымызды жақсартуға жол ашылса, құрылыс жұмысын жасау арқылы тәжірибемізді арттыра түсеміз.

Ернар КІШКЕНБАЙ. Жалағаш ауданы

● МАКРОЭКОНОМИКА

ХАЛЫҚТЫҢ САТЫП АЛУ ҚАБІЛЕТІ ҚАНДАЙ?

Қазақстан халқының бүкіл әлемдегі сияқты карантин режиміне шығуына байланысты экономикада біршама қиын жағдай қалыптасты. Еліміздің барлық өңірлерінде сауда көлемі төмендеді. Аталған жағдай экономикадағы тоқырауға байланысты орын алып отыр.

Жолдасбек АҚСАҚАЛОВ, «Сыр бойы»

Бөлшек сауда көлемі халықтың нақты тұрмыс өлшемі, оның сатып алу қабілетін айқындайтын болғандықтан біз төменде Қазақстан Республикасы Экономика министрлігінің мәліметтері негізінде дайындалған еліміздегі бөлшек тауар айналымының көлемі туралы деректерді жариялап, оған біршама түсініктеме беруді жөн көрдік. Салыстырмалы кезең ретінде 2019 жылдың 5 айы мен 2020 жылдың 5 айы алынды.

Қызылорда облысында өткен жылдың 5 айында 113 млрд теңгенің бөлшек тауар айналымы жасалса, оның 2020 жылдың 5 айындағы көрсеткіші 106,5 млрд теңге, яғни салыстырмалы түрде алғанда 94%. Сарапшылардың алдын ала болжағанындай, көрсеткіштердің осылай қалыптасуы — бүгінгі күннің заңды құбылысы. Өткен сәуір, мамыр айларында Қазақстанның 3 млн-нан астам халқына 42500

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БӨЛШЕК САУДА КӨЛЕМІ қантар-мамыр 2019-2020 жыл (млрд. тт)

	Барлығы		Салыстырғанда
	2020/05	2019/05	%
1 Қазақстан	3543,8	3961,1	89,5%
2 Алматы қ.	1 047,4	1 256,6	83,4%
3 Нұр-Сұлтан қ.	376,6	464,8	81,0%
4 Қарағанды	352,5	372,0	94,8%
5 Шығыс Қазақстан	332,5	360,5	92,2%
6 Ақтөбе	189,9	203,5	93,3%
7 Алматы	145,6	144,1	101,0%
8 Шымкент	130,6	131,1	99,7%
9 Павлодар	123,6	142,2	86,9%
10 Қостанай	122,0	118,6	102,9%
11 Батыс Қазақстан	117,0	129,4	90,4%
12 Атырау	111,3	120,0	92,8%
13 Қызылорда	106,5	113,2	94,0%
14 Жамбыл	105,4	109,4	96,4%
15 Солтүстік Қазақстан	84,8	88,3	96,0%
16 Ақмола	80,6	87,1	92,5%
17 Маңғыстау	64,0	63,1	101,4%
18 Түркістан	53,6	57,4	93,3%

Кестеден байқалып отырғандай, Қазақстанда 2019 жылдың алғашқы 5 айында 3,9 трлн теңге көлемінде бөлшек тауар саудасы жасалған. 2020 жылдың 5 айында бұл көрсеткіш 3,5 трлн теңгені құрайды, өткен жылғы 5 аймен салыстырғанда 89,5 %.

Сауда көлемі барлық өңірлерде төмендеген. Атап айтқанда, Алматы қаласында 83,4, Нұр-Сұлтан қаласында 81% құрайды. Алматы, Қостанай, Маңғыстау облысындағы жағдайды кестеден көріп отырғанымыздай, өте жоғары деңгейде бағалауымызға болады. Аталған кезеңде олар сауда көлемін сақтап қалды. Неліктен? Олардың біреуі мұнайлы өңірлердің қатарында болса, Алматы және Қостанай облыстарында бөлшек тауар айналымының жоғары көлемде қалыптасуын халықтың материалдық жағдайындағы ерекшеліктермен түсіндірген болар едік.

теңге әлеуметтік қолдау, сонымен бірге көпбалалы аналарға көптеген көмек көрсетілді. Осының нәтижесінде Үкіметтің қолдауы кестеден көрініп отырғандай, бөлшек тауар айналымының, яғни ішкі тауар айналымының айқындал берді. Ал қазір көрініс беріп отырғанындай, экономиканың кейінгі жағдайы біршама күрделі сипат алатын сыңайы байқалады. Оны біз 6 айдың қорытындысы шыққанда байқайтын боламыз.

Білгенге, түсінгенге экономикадағы цифр — жанды құбылыс. Оны ведомстволық, аймақтық мүдде үшін бұрмалауға болмайды. Аталған цифрлар әлеуметтік сала органдарының басшыларына тиісті шешімдер қабылдауға негіз болады деген үмітпен жариялауып отырғанын назарларыңызға салғымыз келеді.

ҚАУІПТІ ІНДЕТТІҢ ҚҰРЫҒЫ

Қаперге салсақ, Қазақстанда коронавирусы инфекциясын жұқтырудың алғашқы дерегі биыл 13 наурыз күні тіркелді. Ал 26 наурызда алғашқы өлім жағдайы анықталып, 64 жастағы әйел қайтыс болды. 12 шілдедегі мәліметке сүйенсек, содан бері елімізде 58 253 адам ауру жұқтырды. 33 814 адам жазылып шығып, 375 адам бақилыққа аттанды.

Статистика сағат санап өзгеруде. Қаптаған цифрдың артында қаншама адамның, қаншама отбасының өмірі, денсаулығы мен тағдыры тұрғанын бағамдай беріңіз. Ал ол сіз бен біздің жауаптылығымызға сын. Індетке қарсы күрес карантин шаралары қатаң сақталған кезде ғана нәтижелі болмақ. Бұл селкостық танытып, жұртым бардым қарайтын нәрсе емес. Өйткені қандай жағдайда ауру асқынып, өлім-жітім көбейгенін көріп отырмыз.

Мәселе бір бұл емес. Үкіметтің 10 шілдедегі кеңейтілген отырысында Мемлекет басшысы пандемиямен күреске 150 млрд теңге бөлісетінін айтты. «Басты міндет — коронавирустың жұғу қарқынын 1-бет

ауыздықтап, таралуын тоқтату және науқастарды емдеу ісінде айтарлықтай нәтижеге жету», — делі ол. Сөйтіп, әкім апта ішінде эпидемиологиялық ахуал өлім жағдайы анықталып, 64 жастағы әйел қайтыс болды. 12 шілдедегі мәліметке сүйенсек, содан бері елімізде 58 253 адам ауру жұқтырды. 33 814 адам жазылып шығып, 375 адам бақилыққа аттанды.

Елдегі қиын ахуал барлық жауапты сала үшін айтарлықтай сын болды. Президент жиында бұған да тоқталды. «Үкіметтің және әкімдердің қабылдаған шаралары түсіндіруінде олқылықтар бар. Олардың қотам пікірмен тиісті деңгейде жұмыс істей алмай отырғаны байқалды», — делі Мемлекет басшысы. Сонымен қатар, коронавирусқа қатысты жұмыс тәсілін жиі өзгерту, мысалы, науқастарды аяқ астынан симптомды және симптомсыз деп бөлу халық арасында күмән туғызатыны сөз болды.

Ендігі жерде індетпен күрестің нәтижелі болуы Үкіметтің сынан қорытынды шығарып, жүйелі жұмыс атқаруына және халықтың сактық шараларын қатаң орындауына тікелей байланысты.

Назерке САНИЗОВА, «Сыр бойы»

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ХАБАРЛАМАСЫ

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына кандидат ретінде тіркелген Серік Санитжанұлы Сермағамбетовтің өтінішіне сәйкес Қызылорда облыстық сайлау комиссиясының 2020 жылғы 24 маусымдағы тіркеу туралы шешімінің күші жойылды.

Қызылорда облыстық сайлау комиссиясы 2020 жылғы 13 шілде

● COVID-19: МАМАН МІНБЕРІ

Санитарлық талап сақталуы тиіс

Иммунитетті көтеру үшін дәрумені мол жеміс-жидектерді пайдалануға кеңес беремін. Дәруменді де онды-солды, ретсіз іше беруге болмайды. Қандай да бір дәрілік препаратты пайдаланар алдында дәрігердің кеңесі керек. Сондай-ақ, үйде өз бетінше емделу аурудың асқынуына 1-бет

алып келуі мүмкін. Әр адамның денсаулық жағдайы әр түрлі. Сондықтан бір науқасқа дәрігердің тағайындаған емін келесі адам қолдана алмайды. Өзіңізді жайсыз сезініп, тұмау белгісін байқасаңыз, аймақтық медбикеге хабарласыңыз. Қазір инфекциялық, провизорлық ауруханаларда науқастардың көп болуына байланысты ко-

ронавирус инфекциясының симптомсыз, жеңіл дәрежелері үйде емделуде. Бұл ретте науқаста қандай симптом болса, соған байланысты ем жүргізіледі. Бірақ үйде емделу дәріханадан өз бетінше дәрі алып, ем қабылдау деген сөз емес. Қандай жағдайда да аймақтық дәрігер, медбикеден кеңес алған жөн.

Үйде симптоматикалық ем жүргізгенде жылы сұйықтықты жиі ішу қажет. Судың өзін де ретсіз іше беруге болмайды. Таңғы ас алдында, мұнан кейін 2-3 сағаттан соң мөлшерімен, ұрттап ішкен дұрыс. Ал кешкілік судың мөлшерін азайтп та қажет, өйткені ол бүйректің жұмысына әсер етеді. Қазір науқастарға көкөністен және

Ғалия МИРМАНОВА, №5 қалалық емхананың инфекционист дәрігері

Игі жақсылардың ісі де, ізі де өшпейді

Дүниені дүрліктірген корона-вирус дерті миллиондаған адамдардың өмірін қиды. Көзге ілінбейтін, қолға білінбейтін аты бар да заты жоқ бұл бөлекетке тау да, теңіз де бөгет болмады. Бүгінде күллі әлем коронавирусқа қарсы батыл күрес жариялады.

Адам алапаламайтын ауру қазақ елін де шарпыды. Соңғы мәліметтерге сүйенсек, еліміз бойынша 59899 адам наукастанып, 35137-сі дерттен айығып, 375 адам көз жұмған. Оның ішінде Қызылорда облысы бойынша қазіргі таңда 1784 жерлесіміз коронавирус дертімен тіркелсе, дерттен жазылып шыққандар саны 1207 адам болып отыр.

Жасыратыны жоқ, соңғы бір ай шамасында елімізде қаншама адам осы аты жаман індеттің құрығына ілінді. Біреу экстенен, біреу анасынан, енді бірі бауырынан айырылды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев төтенше жағдайға тиісті шұғыл шаралар қабылдады, бірнеше рет халықпен тікелей тілдесіп, барша жұртты сақтық шараларын ұстануға шақырды. Ел ағалары мен атқамінер азаматтар, ақ желенді дәрігерлер мылтықсыз майданда шықты.

Басқа түскен сын сағаттардың ауырлығын сезінбей, күйбең тірлікпен біраз уақытты етек-жеңімізді жаппай өткізіп алғанымызды несін жасырайық. Міне, соның салдарынан айналамызға зиянымыз тиді, ағайынның қазасы көбейді.

Екіұдай сәтте есенгеріп қалдық, ес жио керектігін ұқтық. Бұл жалғанның аталарымыз айтып кеткен қамшының сабындай ғана қысқа екенін түсіне бастағандай болдық. Көзінді жұмсаң қайтып аша алмайтын аз ғана ғұмырдың қадірін қайта сезінгендей күй кештік.

Өйткені, қанша асылдарымызбен, нар тұлға, атпал азаматарымызбен ойламаған жерден бақұлдастық. Сыр мәдениеті мен өнерінің дамуына өзіндік үлес қосқан өрнекті есімдерден айырылды. «Біріміні келмектің кемесіне, бірі күтіп әнекей, жағала тұр» деген өлең жолдары жайшылықта еске түсетін сөз емес еді. Әр танымызды «бүгін жаманат хабар келмесе екен» дейтін дұдамалмен атырып, үміттің үзілмес тінін қолға ұстап ояндық.

Айналырған бір жетінің айналасында өмірде де, өнерде де қатар жүрген талай қиыстаң қаралы хабары қабырғамызды қайыстырды. Қазақ өнер мұрасының жанаушы, жәдігер жинаушы, мәдениет қайраткері, қаламгер Ахат аға Жанаев, көрнекті композитор, ҚР Еңбек сіңірген өнер қайраткері, Қазақ Ұлттық Өнер университетінің профессоры, «Құрмет», «Парасат» ордендерінің иегері, ҚР Тұңғыш Президенті-Елбасының мәдениет саласы бойынша мемлекеттік стипендия иегері, қазақ көгінде ән болып қалықтаған Кеңес Дүйсекевті де айтып келмейтін, қайтып бермейтін сұм ажал алдына салып кете барды. Сыр руханиятының абыздары - ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Қазақстанның

құрметті журналисі, Әскербек Рахымбекұлы мен қарымды журналист, белгілі жазушы, Арал ауданының Құрметті азаматы Айжарық Сәдібекұлының қазасы да барша қазақ елінің қабырғасына батты.

Қазақстанның еңбек сіңірген артисі, «Құрмет» орденінің, «Алапағат» медалінің иегері, мәдениет майталманы, әнші-ұстаз Қарақөз Ақдәулетова, мәдениет саласының ардагері, «Мәдениет қайраткері» төсбелгісінің иегері Әшімхан Оспанов, қазақ сән өнерінің кәсіби маманы, дизайнер Берік Исмаилов, Сыр елін әуенімен тербеткен композитор, жерлесіміз Жалғас Кеңесұлы секілді өнер иелері де өмірден өтті.

Елдегі қалыптасқан жағдайдың күрделене түсуіне байланысты Мемлекет басшысы қазақстандықтарға жолдаған үндеуінде: «Әлем бойынша осы вирусты жұқтырғандардың саны шамамен 12 миллионға жетті. Соның салдарынан 500 мыңнан астам адам қайтыс болды. Сол себепті бірқатар елдерде карантин тәртібі қайта күшейтіліп, әуе, көлік қатынасы қайтадан шектелді. Өкінішке қарай, біздің елдегі жағдай да оңай болып тұрған жоқ. Біз - талай зобалаң мен сынақты бастан өткерген тарихтың талай дауылына бой бермеген халықпыз. Батыр бабалардың жолын жалғаған бүгінгі ұрпақ та қазіргі қиындыққа төтеп береді деп сенемін», - деді. Ел Президенті 13 шілдені Ұлттық аза тұту күні деп жариялады. Осы күнге орай біз індет кезінде қайтыс болған барша бауырларымыздың, өнер мен мәдениет тұлғаларының отбасына, жақындарына қайғырып көңіл айтамыз.

Асылдарымыздың елге, өнерге сіңірген еңбегі ешқашан ұмытылмайды, олардың ісі ел-халық барда мәңгі жасай береді.

Өлгенге салауат, тіріге амандық аманат. Бірлік - тірліктің туы. Ықылым заманнан бірлік пен берекені ту еткен халқымыз үшін дәл қазіргі кезеңде бабалар салған бақыт жолы - бірлік пен ынтымақта, сабырлылық пен саулықта болмақ. Әр қазақтың жүрегінде сындарлы сәттен өтер шүкіршілік пен жақындарына деген жанашырлық орнаса, біз аспайтын асу, біз алмайтын қамал болмақ емес. «Бақ қайда барасың - ынтымаққа барамын» деген аталай сөзге тоқтасақ, бірлігіміз бен осы қиындықтан алып шығар сабыр, шүкіріміз ғана бақыт таңына жеткізгі анық.

Аспанды кара бұлт қанша тұмшаласа да, артынан жарқырап күн шығатыны анық, қандай аласапыран дауылдан да тын-штығын бір мезгілі болады. Сол жарқыраған шұақты, шұғылалы кезеңді төрт көзіміз түгел көретін күнге жазсын! Жақындарымызға жанашыр болып, ертеңіміздің ғажап, болашағымыздың базарлы бақытына бөленейік!

Хусейн ӘМІР-ТЕМІР,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері,
Н.Бекежанов атындағы облыстық қазақ академиялық-музыкалық драма театрының көркемдік жетекшісі

Айжарық Сәдібекұлы

Осы дүйсенбіде Сыр жұртшылығы ауыр қайғыға душар болды. 81 жасында Қазақстанның құрметті журналисі, Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі, жазушы Айжарық Сәдібекұлы өмірден озды.



Айжарық Сәдібекұлы 1939 жылы 17 желтоқсанда Арал ауданы, «Қармыс» елді мекенінде дүниеге келген. Н.В.Гоголь атындағы педагогикалық институттың филология факультетін тәмамдаған. 1966-2000 жылдары аудандық «Жаңадария» және «Сырдария» газеттерінде бөлім меңгерушісі, облыстық «Ленин жолы» (қазіргі «Сыр бойы») газетінің редакция хатшысы, совет құрылысы, партия тұрмысы, саясат және қоғам бөлімдерінде тілші, аға тілші, бөлім меңгерушісі, республикалық «Сұхбат» және халықаралық «Түркістан» саяси газеттерінің Ақтобе, Қызылорда облыстары бойынша меншікті тілшісі қызметтерін атқарған. Тұңғыш әңгімесі облыстық «Ленин жолы» газетінде жарияланған. «Дария жыры», «Көктемін күткен ару», «Жүректегі жауһарлар», «Аққұмның ақ түндері», «Бал айы», «Анық мұхитқа шыққан алып», «Жұмыр жерде біз бармыз» атты кітаптардың авторы.

Айжарық Сәдібекұлы кай жерде, қандай қызметте жүрсе де, өзіне тән көркем мінезі, салиқалы ойы, тұшымды пікірімен танылып, туған елдің мәртебесі мен мерейі үшін адал қызмет жасаудың тәлімін, өнегелі өмірдің үлгісін көрсетті.

Талай жылғы еңбектің нәтижесінде облыстық партия және комсомол комитеттерінің, кәсіп-одақтары облыстық советтің Құрмет грамоталарымен, «Жеңістің XX жылдығы», «Социалистік жарыс жеңімпазы», «Еңбек ардагері», «Қазақстан Республикасының Конституциясына 10 жыл» медалдарымен және Қазақ КСР Жоғарғы Советінің грамотасымен, облыс әкімінің Құрмет грамотасымен марапатталған.

Сыр елінің аяулы перзенті, талантты жазушы Айжарық Сәдібекұлының ғибратты ғұмыры, жасаған еңбегі мен жарқын бейнесі ел жадында ұзақ сақталатын болады.

Қызылорда облысының әкімдігі, облыстық мәслихат, «Nur Otan» партиясының облыстық филиалы, облыстық Қоғамдық кеңес және Ардагерлер кеңесі

ҚАЛАМГЕРДІҢ АЛЫП ЖҮРЕГІ ТОҚТАДЫ

Орны толмас қаза Сыр жұртшылығын тағы есендіретті. Кеше суыт хабар Сыр журналисттер қауымының абызы Айжарық Сәдібекұлының мәңгілік мекеніне аттанғанынан құлағдар қылды. Мұндайда қалам шіркін де жүрмейді екен-ау. Өмір заңы деп өз-өзімізді жұбатқанымызбен, акеден аға болмысын өлдіге қимай далмыз...



«Өлді деуге бола ма айтыңдаршы, өлмейтұғын артында сөз қалдырған» демекші, саналы ғұмырын шығармашылық салаға арнап, сырбаз мінезімен көптің жүрек кестесінде жатталған жанын жүріп өткен жолын қамға отырып еске түсіреміз деп ойлап па едік.

Айжарық Сәдібекұлы 1939 жылы Арал ауданы, «Қармыс» елді мекенінде дүниеге келген. Арман жетегінде қияға қанат қаққан қағыз ұл Н.В.Гоголь атындағы педагогикалық институттың филология факультетін тәмамдаған болатын. 1966-1971 жылдары аудандық «Жаңадария», «Сырдария» газеттерінде бөлім меңгерушісі ретінде алғашқы еңбек жолын бастаған қалам иесінің өнер кейінгі кезеңдерде қызмет баспалдағы 1972-1997 жылдар аралығында облыстық «Ленин жолы» (қазіргі «Сыр бойы») ба-сылымында жалғасып,

еңбекші хаттары, совет құрылысы, партия тұрмысы, саясат және қоғам бөлімдерінде тілші, аға тілші болып ізденімпаздықпен ізденді. Аталған басшыларда өлшеусіз еңбек етіп, өшпес қолтаңбасын қалдырған Айжарық Сәдібекұлы бұдан бөлек, яғни 1993-2000 жылдар ішінде республикалық «Сұхбат» және «Түркістан» саяси газеттерінде Қызылорда облысындағы меншікті тілшісі қызметтерін абыроймен атқарған-ды. Қаламның құдіретін ойлы оқырманға ұғындыра білген сала мақтанышы толымды туындылары арқылы өзін кітапсүйер қауымға мойындата алды. Шығармашылық шыңын бағындыра білген абзал азамат тұңғыш әңгімесін облыстық газетте жариялап, тың ойларымен ерекшеленді. Руханият саласының көк-

жиегін кеңейтуге сүбелі үлес қосқан Айжарық Сәдібекұлы «Дария жыры», «Көктемін күткен ару», «Жүректегі жауһарлар», «Аққұмның ақ түндері», «Бал айы», «Жұмыр жерде біз бармыз», «Анық мұхитқа шыққан алып», «Дарияның тұмасынан қар боратқан», «Парасат майданы», «Бұрынғының адамдары» сынды еңбектерімен жұртшылық ықыласына бөленді.

Көркем әдебиеттің көрнекті өкілі қай кезде де туралықтың ақ туын биік ұстады. Жазушы ағамыз ізіне ерген рухтас жас бұынға адал жолды нұсқап, қалам ұстаудың өзіндік қызығы мен қиыншылығы қатар жүретінін үнемі айтудан жалықпады.

Адам - бұл фәниге қонақ. Өмір бар жерде қаса бар. Алайда қаламы қуатты қаламгердің берері әлі көп еді.

Асылымыздың отбасына, жақындарына, руханият өкілдеріне қайғысына ортақтасып, көңіл айтамыз. Артында қалған мол мұрасы уақыт алға оза да, қанша буын алмаса да ұмытылмайтынына сенеміз. Жатқан жерін жайлы, иманың жолдасың, алдың жарық болсын, аға! Еліңіз барда сіз де барсыз.

«Сыр медиа» ЖШС ұжымы

Әскербек Рахымбекұлы

Сыр жұртшылығы орны толмас қайғыға душар болды. 78 жасында Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі, Қазақстанның құрметті журналисі, белгілі қаламгер, ақын Әскербек Рахымбекұлы дүниеден өтті.

Әскербек Рахымбекұлы 1942 жылғы Сырдария ауданында дүниеге келген. 1965 жылы Қызылорда педагогикалық институтын бітірген.

Ә.Рахымбекұлы әр жылдары облыстық «Сыр бойы» (бұрынғы «Ленин жолы») газетінің бас редакторы, осы газетте редактордың орынбасары, кеңесші қызметтерін атқарды.

Оның «Тұсаукесер», «Сырдария әуендері», «Тұлпар туралы дастан», «Ғашық жүрек», «Айдынынан айырылған Аралым - ай», «Алтын Арай», «Тұлпарлар тағдыры», басқа да жыр кітаптары шықты.

Аймақ мәдениетінің дамуына да айрықша үлесін атап өткен жөн. Айтыс өнерін дамытуға, ән жапыра-на қосқан сүбелі үлесі ұмытылмақ емес.

Әр ортаның жарық жұлдызы секілді төңірегіне шұғыла шаша жанып, жарқырап тұратын айрықша асыл тұлғалары болады.



Әскербек Рахымбекұлы сондай азаматтарымыздың бірі де бірегейі еді.

Қазақ еліне белгілі қаламгер, Сыр өңірінің аяулы перзенті, Әскербек Рахымбекұлының жарқын бейнесі мен құнды мұрасы ел жадында ұзақ сақталады.

Қызылорда облысының әкімдігі, облыстық мәслихат, «Nur Otan» партиясының облыстық филиалы, облыстық Қоғамдық кеңес және Ардагерлер кеңесі

СЫР ЕЛІ СЫРШЫЛ АҚЫНЫНАН АЙЫРЫЛДЫ

Елімізге есімі танымал қаламгер, Қазақстанның құрметті журналисі, Қызылорда қаласының, Сырдария ауданының құрметті азаматы, тұлпар тағдырлы ақын Әскербек Рахымбекұлы өмірден озды.

Әскербек Рахымбекұлы 1942 жылы 22 наурызда Сырдария ауданы Қоғалыкөл ауылында дүниеге келген. Қызылорда пединститутының филология факультетін және Алматы жоғары партия мектебінің журналистика бөлімін бітірген.

Сырдария аудандық «Сырдария» газетінде, Қызылорда облыстық телерадиокомитетінде және облыстық партия комитетінде жауапты қызметтер атқарған. 1991-1996 жылдары облыстық «Сыр бойы» газетінің бас редакторы болды. Зейнет жасына жеткенше бас редактордың орынбасары, кеңесшісі болып қызмет етті. Өмірінің соңына дейін «Сыр медиа» ЖШС ардагерлер кеңесінің төрағасы болып келді. Журналист қауымының жолбастаушысы, ақылшысына айналды.

Ақынның «Тұсаукесер», «Ғашық жүрек», «Сырдария әуендері», «Тұлпар туралы дастан», «Алтын арай», «Тағдырдастан» «Айдынынан айырылған Аралым-ай», «Ақ махаббат адастырмайды», «Жыраулар» секілді жыр жинақтары жарық көріп, оқырманның оң бағасын иеленді. «Жалын» баспасы жабық бәйгесінің екі дүркін жүлдегері атанды.

Ә.Рахымбекұлы шын мәніндегі

Сыр руханиятының жанаушы, қолдаушысы бола білді. Айтыс өнерінің дамуына, жазба ақындардың жолын ашуға қыруар еңбек жасады. «Сырдария» кітапханасы атты 200 томдық кітаптар сериясы редакторының бірі болды.

Ақынның сөзіне елімізге танымал композиторлар ән жазды. Бұл әндер қазір үлкен сахналарда шырқалып жүр. Әсіресе Гауһар Әлімбаеваның орындауындағы күллі елдің жүрегін орынатқан «Келінге өсиет» деп аталатын ән сөзі қаншама жас отаудың тұсауын кесті, шаңырағына шаттық құйды.

«Қарияларға сәлем сал, көңлі қалар, қариялар қашанғы жүрер дейсің» деп ақынның өзі айтқандай, сері көңіл, сергек жүрегін қартайтпаған ағамыз жетпістің сегізін жасады. Туған елінің жан байлығын жарқыратып, артына мол рухани мұра қалдырды.

Әскербек Рахымбекұлы асыл әке, аяулы жар болды. Саналы ұрпақ өсірді. Ағайынның ардақтысы, көптің қадірлісі атанды.

Ағамыздың қаза қайғысына ортақтаса отырып, Сыр елінің руханият өкілдеріне, ол кісінің отбасына, ұл-қыздарына, жақындарына көңіл айтамыз. Алла алдынан жарықтасын, Жаратқан мәңгілік мекенін жәннаттың төрінен бұйыртысін.

Бақұл бол, аяулы аға. Біз өзіңді ешқашан естен шығармаймыз.

«Сыр медиа» ЖШС ұжымы

ӨНЕГЕЛІ ЖАННЫҢ ӨМІРІ – ҰРПАҚҚА ҮЛГІ



Өнегелі жанның жүріп өткен сара жолына әркімнің де ризашылықпен, қызға қарары сөзсіз. Асылы, өз кәсібін, өмірлік арнасын ала-спай, анық тапқан адамдардың ғұмыр шежіресі қашан да мағыналы, кейінгіге үлгі-өнеге.

Қаншама жүрекке із-гілік отын жағып, ғылымда өзіндік анық бағдарын танытып, талапты жастан таны-мал ұстаз-ғалымға айналған, Құлбарам Сәдуақасқызы бүгін өмірден озды.

Жүйрік уақыттың ұшқыр қанаты Құлбарам Сәдуақасқызының мағыналы ғұмырын биік бір белеске жеткізіп, талайға үміт отын жақты. Осынау жылдар ішінде өмірдің талай белестерінен табысты өтіп, бүгінде мыңдаған шәкірттерді тәрбиелеп, өркен жайған алып бөйтеректей ақшылы тірек болды. Көркем мінезі, қазақ баласына тән дарханлығы мен қамқоршылығы, ұстаз бен ғалымға тән ізденімпаздығы апайымдылық ерекше қасиеттері еді. Қаншама шәкірттің білім нұрын тұтатып, ғылым-білімге бағыт беріп, сәулесін төкті. Қазіргі таңда, Құлбарам Сәдуақасқызының ғылым сырын үйреткен шәкірттері елге адал қызмет етуде. Бұл - Құлбарам Сәдуақасқызының әрбір шәкірттің болашағына жауапкершілікпен қарап, таймай еткен еңбегінің нәтижесі.

Өзі өмірден өткеннен артында өшпейтін із қалдырған, шәкірт тәрбиелеуде, білім саласының дамуы үшін қажырлы еңбек еткен, қызметі барысында тек абырой биігінен көріне білген апайымды ел есінен шығармайды. Бөйтеректей бар жаңа сақ болған, мейірімін аямаған асыл жанымат жатқан жері жайлы, топырағы торқа, иманы сапат, жаны жаннатта болғай.

Облыстық білім басқармасы.

ПЕЙІШТЕ НҰРЫҢ ШАЛҚЫСЫН



Қызылорда облысы халық шаруашылығы экономика-сының өсіп-өркендеуіне өзі-нің білімін, қажыр-қайратын жұмсаған атпал азаматтың бірі белгілі экономист, қар-жыгер Тоғызбаев Қожабек Қазыбекұлы ініміз үстеміздігі жылдың 1 шілдесінде 68 жа-сына қараған шағында өмірден озды.

Қожабек Қазыбекұлы 1952 жылы Қызылорда облысы Сыр-дария ауданы, Қоғалыкөл ауы-лында дүниеге келген. Еңбек жолын 1969-1972 жылдары Қызылорда Политтехникалық оқу орнының Гидрометеорология бөлімін бітіріп, ПМК-33 құрылыс мекемесінде мастер, еңбек ақы төлеу жөнінде инженер қызметтерін атқарудан бастады. Әскери міндетін өтеп, 1980 жылға дейін ПМК-33 құрылыс мекемесінде жұмысын жалғастырып, 1980 жылы Қызылорда құрылыс өндірістік ұйымы мекемесінің жоспарлау және экономикалық бөлімінің аға экономисі қызметіне жоғары-ланды.

Өндірістен көл үзбей, 1982 жылы Алматы қаласындағы Қазақстан Мемлекеттік ауылшаруашылық институтының «экономика және ауыл шаруашылығын ұйымдастыру» факультетін «ғалым-экономист-ұйымдастырушы» мамандығы бойынша бітіріп шықты. 1982-2012 жылдары облыстық ауылшаруашылық басқармасында жоспарлау-экономикалық бөлімнің басшысы, жаңадан құрылған облыстық аграрлық-энергетиктік (ОбАЭПК) мекемесінің жоспарлау және экономика бөлімінің басшысы, ОбАЭПК басшысының экономикалық жұмыстар жөніндегі орын-басары, облыстық жоспарлау-экономика комитетінің басшысы, «Әлембанк» Қазақстан банкі Қызылорда облы-сы бойынша филиалының басшысы, «Әлемжұлдыз» АҚ корпорациясының вице-президенті, Халықтық зейнетақы қоры АҚ-ның директоры қызметін абыройлы атқара білді.

Қожабек Қазыбекұлы зайыбы Айсамаған 4 бала тәрбиелеп, немере сүйді. Жаңың жәннатта болсын, иманың жолдас болсын!

Ағасы Тобаш Ембергелұлы.

Қызылорда облысы әкімінің аппара-ты облыс әкімі аппаратының әлеп жөніндегі уәкілі Хамит Тарбаковқа әкесі

Мұрат Тарбақұлының қайтыс болуына байланысты қай-ғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Облыстық ішкі саясат басқармасы мен «Сыр медиа» ЖШС ұжымы белгілі ақын, журналист Толыбай Абылаевқа әкесі

Абылайдың қайтыс болуына байланысты қайғы-сына ортақтасып, көңіл айтады.

Арал ауданының әкімдігі, аудандық мәслихат, «Nur Otan» партиясының аудандық филиалы, аудандық қалалық ардагерлер кеңесі, аудандық қоғамдық кеңес Арал ауданының Құрметті азаматы, қарымды қаламгер, көрнекті жазушы-журналист, жерлесіміз

Айжарық Сәдібекұлының қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Қызылорда облыстық кеңес беру диагностикалық орталығының ұжымы орталық дәрігері Дәуітбаева Жанар Рысбекқызына әкесі

Рысбек Әлінабарұлының қайтыс болуына байланысты қайғы-сына ортақтасып, көңіл айтады.

«Транс Азия Констракшн» ЖШС

ұжымы Қалжановтар әулетіне әкесі

Байжанның қайтыс болуына байланысты қайғы-сына ортақтасып, көңіл айтады.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті ұжымы Қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының докторы, «Қорқыттану және өлке тарихы» ғылыми-зерттеу институтының директоры Бағдат Кәрібозұлына інісі, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Мыңжас Нұрлыбек Кәрібозұлына ағасы

Карбозов Бағым Амангелдіұлының мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Қызылорда облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментінің ұжымы және ардагерлер кеңесі департаментте басшылық қызмет атқарған марқұм Мәмбетов Рысбек Бекзатұлының зайыбы

Мампаева Күлзипа Бактайқызының қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Қызылорда облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментінің ұжымы және ардагерлер кеңесі департамент қызметкері Жетісбаева Гүлнұр Болатқызына нағашы әжесі

Тәжиева Құланда Әбдірахманқызының қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.



● ТУҒАН ЖЕР – ТҮНҒАН ШЕЖІРЕ

Тападағы таңғажайып



Қазалыдан шеткері жатқан Шөкен ауылына жақын Тапа дейтін жұрт бар. Атының өзі қызықтыратын сол Тапа бір кездері Қарақұм өлкесін жайлаған малшы біткеннің мекені болған деседі. Қазір де ата көсібін қимаған ағайын осы маңнан көшпей отыр.

Sp Ержан ҚОЖАСОВ, «Сыр бойы»

Ал енді Тападағы тамашаға келсек. Біз айтып отырған мекенде ілгері уақытта 20 шақты үй болған. Қазір 2-3 түтін бар. Осында қызмет қылып, зейнетке шыққан байырғы тұрғын Аманжол Жұмабеков өткен ғасырдың алпысыншы жылдарынан бері құм арасынан қазына теріп келеді. Қызық. Сыр бойының қай жерін ақтарсаңыз да, қонө тарихтың ізі сайрап шыға келеді екен-ау. Ал Аманжол ақсақал жинап жүрген көп жәдігер бізге таныс та бейтаныс қола дәуіріне тиесілі.

– 1969 жылы осы маңнан ине құятын қалып пен тас жебе таптым. Оны Алматы музейіне өткіздік. Содан бері құштарлығым оянып, талай құпияны бауырына басқан төбелерді ерінбей қазып келем. Қарап отырсам, қазір қолымда 300-ден астам экспонат бар. Тапқан сынықтарды қолмен жөлімдеп, бірнеше құмыраны қалпына келтіргендей болдым. Жалпы бұлар қола дәуірінен қалған, сол заманға тіршілік еткен адамдар тұтынған заттар. Осында келген ғалымдар солай айтады, – дейді А.Жұмабеков.

Ақсақалдың айтуынша, жәдігердің бәрі Тападағы 200 гектардай аумақтан шыққан. Осында табылған қыш құмыралармен қатар сол заманғы адамдар қажетіне жараған дән үккіш, түймелер, темір қазан, тас пышақтар мен тері өңдейтін бұйымдар да бар. Бұл жерде көне ошақтар кездеседі. Елу жылдан бері қазына іздеп, әуесқой археологқа айналған ақсақал ежелгі әдетіне салып, ондай жерлерді белгілеп отырады екен. Келген ғалымдарға көрсеткен деген ниет қой. Ал ынта қойып келген



зерттеушілерге тапқан жерін көрсетіп, солар айтқан тың деректі түртпін алады.

Иә, құм баурайының әр жерінен құмыра сынықтары мен әбден майдаланған адам сүйектері жиі кездеседі. Ақсақал ұрпақ игілігіне айналуы тиіс жәдігерлерді осылайша қорып жүр. Осыған дейін тапқан жәдігерлердің біразын аудандық музейге ақытша қойыпты. Айтпақшы, қария тапқан дүниелерге қызығып, Қытайдан келіп қомакты қаржы ұсынғандар да болған.

Жақында Аманжол ата аудан әкіміне

кіріп, жәдігерлер табылып жатқан алаңдарды қоршау, мемлекеттік есепке алу туралы өтініш білдіріпті. Аудан басшысы осыған орай тиісті орындарға тапсырма да берген. «Тарихи қазыналар осылай талан-таражға түсіп кете ме» деп қорқасоктауы бекер емес. Әзірге құм арасындағы құпияны тамашалауға Тапаға жақын Шөкен ауылындағы мектеп оқушылары ғана барып жүр.

Осыдан екі жыл бұрын Қорқыт ата

топырақ астындағы көмбе әбден ысырап болуы ғажап емес.

Қарақұмдағы қарағай

Тым қызық жаңалық деп осыны айтарсыз. Сусыма топырақ арасында қарағай өсіп тұр. Өркештенген бұрыл құм арасына осы шыбықты отырғызған кім десеніз, тағы сол кейіпкеріміз – Аманжол ақсақал. Ал сіз «Осы Қызылордаға тал шығатын ба еді өзі?» деген сылдыр сөздің жетегінде әлі жүрсіз...

Тапа ауылы орналасқан Қарақұм жерінде қарағай қайдан пайда болған?! Бұл тауды жердің таза топырағын қалайды емес пе?

– Осыдан 10 жыл бұрын батыс жақтан бір сапардан қайтқанымда Қандыағаштан қарағайлы алқап көрдім. Содан кейін ғой «осы ағашты Қарақұмға әкеліп екем қайтеді?!» деген ойдың туғаны. Басында Ақтөбедегі тұқымбақтан алып келген көшеттерді еккенмін. Бірақ, қалай өсіруді білмедім бе, көптеп келе жатқанда солып қалды. Осыдан 5 жыл бұрын сол өңірден 10, былтыр 46 түп көшет әкелдім. Содан қазір ауылда 18 түп қарағай өсіп келеді, – дейді өлкетанушы һәм бағбан ақсақал.

Тарихты түгүндеп қана қоймай, осындай үлгілі іспен айналысып жүрген қарияның қарағайлары бүгінде біршама өсіп, тіпті алғашқылары 3 метрден асып қалған. Өзінің айтуынша, Ақтөбенің Ойылына Бұрабайдан жеткізілген қарағайлар суын уақытылы беріп, күннен тасаласа, құмды жерге тез жерінеді екен. Ақсақал алдағы уақытта тағы 50 шақты көшет әкеліп, осы манды қарағайлы орманға айналдыруды жоспарлап отыр.

Аманжол ақсақалдың бұдан бөлек, жеміс ағаштары да жетерлік. Бау-бақшалық алқабы да бар. Өрігі мен шабалысы биыл алғаш рет өнім бермек. Құмды алқаптан ғажайып жасай білген қарияның қайырлы ісін көпке үлгі болар деген ниетпен қағазға осылайша түсірдік.

АРТРИТ? АРТРОЗ? ҚАШАНҒЫ ТӨЗУГЕ БОЛАДЫ?!

Қазіргі уақытта адамдарға тірек-қимыл аппаратының аурулары, артрит және артроз жиі кездеседі. Әсіресе, егде жаста - ағзаның ресурстары әлсіреген, сүйек және шеміршек тінінің регенерациясына қажетті аминқышқылдары, витаминдер мен минералдар жетіспеген кезде, бұны аурулары ерекше қауіп төндіріп, белен ала бастайды.



Мына телефон бойынша тірек-қимыл аппараты аурулары жөнінде кеңес ала аласыз және «Артрорезервке» тапсырыс бере аласыз **8 705 92 55 424** немесе **artroreserve.kz** сайты арқылы.

ПРОСТАТИТ, АДЕНОМА, НЕСЕП ШЫҒАРУ ҚЫЗМЕТІНІҢ БҰЗЫЛУЫ, БЕЛСІЗДІК?! КӨМЕК ЖАНЫҢЫЗДА!

Простатит, қуықасты безінің аденомасы, несеп шығару қызметінің бұзылуы, эректильді дисфункциясы орта есеппен әр үшінші ер адамда кездеседі. Бұл ауру көбінесе жас ұлғайған кезде, ағзаның қорғаныш қасиеті әлсірегенде, гормондық теңгерім бұзылғанда, несеп шығару жүйесі жүйесі мүшелерінің регенерациялануы нашарлағанда белен алады.

Простатит және қуықасты безі аденомасы жекеледі де, екеуі бір мезгілде де қатар жүре алады. Бұл екі ауру әртүрлі себептермен пайда болады, бірақ ұқсас асқынуларға әкеліп соғады. Оның себебі мынада.

Простатит 95% жағдайда созылмалы, жұрқалы емес ауру түрінде кездеседі. Көбінесе оның пайда болуы зиянды әдеттерге, суық тисізуге, киім-жағамас, иристеріндегі қан айналымын бұзғандық, сирек немесе бел-берекет жасынстық қатынасына түсуіне байланысты болады. Қуықасты безі қабынып, ісініп, осы арқылы өтетін несеп жолы арнасын қысып тастайды. Соның салдарынан зәрдің шығуы тежеліп, дәретханаға барғысы келуі жетпейді. Мұның барлығы ыңғайсыздық пен шап бөлгінідегі ауырсынуға ұласады. Уақыт өте келе жыныстық қызметінің бұзылуы, жыныстық әлсіздік пайда болады.

Қуықасты безінің аденомасы гормондық бұзылудар нәтижесінде пайда болады. Еркек гормоны – тестостеронның азаюы және ағзада эстроген – әйел гормонының артуы қуықасты безінің ісінуіне ұшыратады. Ол, өз кезегінде, простатит сияқты зәр шығарудың ұқсас ауытқуларын әріптесі, несеп жолы арнасын қысады, жыныстық бұзылуы және әртүрлі сипаттағы ауырсынуларды тудырады.

Емделмеген жағдайда, бұл аурулар асқынып, отадан басқа ем-шара көмектесе алмайтын, қайтымысыз сипат қабылдауы мүмкін. Сондықтан, сіз несеп-жыныс жүйесінің жұмысында мұндай ауытқуларға тап болсаңыз, тез арада маманға көмек сұрыңыз.

Осы урологиялық ауруларды емдеу үшін біз көптеген дәрілер мен ем-шараларға қарағанда, ауру белгілерін алып қана қоймай, несеп-жыныс

Артрит және артроз көбінесе жамбас-сан, тізе, тобық-табан буындарына, омыртқа мен қолдың білезік буындарына әсер етеді. Әдетте, бұл түрлі сипаттағы аурулармен, қимыл-қозғалыстың қиындауымен қатар жүреді және емделмеген жағдайда шеміршек пен сүйек тінінің сеуміне әкеседі.

Ең әуесі бұл асқыныла ауру екендігін үлгі керек, оны емдемеген жағдайда, науқастың мүгедек болып қалуы ықтимал. Сіз маманның көмегіне дер кезінде жүгінісеңіз, сауығып кету мүмкіндігіңіз соғұрлым көп болады.

Біз артрит және артрозбен күресу үшін буындардағы жалғастырушы және шеміршек тіндерін қалпына келтіріп, қабыну процесстерін жеңілдетіп, сүйектің тығыздығын арттырып, синовиалды сұйықтықтың өнімділігін белсендіретін табиғи парфармацевтикалық «Артрорезерв» препаратын қолдануды ұсынамыз.

«Артрорезерв» буындардағы қолайсыздықты және ауырсынуды жояды, қабыну процесін басады, сондай-ақ сүйекті үйкелістен сақтайтын майлауыш материал - синовиалды сұйықтықты өндіруге белсендіріп, шеміршек тінінің иілгіштігін және көлемін қалпына түсіреді. «Артрорезерв» ағзаның

сүйек-бұлшықет жүйесінің өзара әрекеттесуін күшейте отырып, бұлшықет талшықтарының қуаты мен көлемін арттыратыны аса маңызды.

Препараттың құрамына тірек-қимыл аппаратына кешенді қалпына келтіру әсерін беретін компоненттер кіреді, курсты қабылдағаннан кейін, буындардың қозғалысшылығы және адамның физикалық мүмкіндіктері қайтып оралады.

«Артрорезерв» қажетті сынақтардың барлығынан өтіп, отандық және халықаралық құжаттармен мақұлданған.

Сондай-ақ, біздің мамандар басқа да ауруларға арналған курстық бағдарламаны таңдап бере алады. Орталығымыз инновациялық еуропалық және батыс препараттарын қолданады, олар жақсы нәтиже көрсетеді. Сіз оларды біздің орталығымыздан, Алматы қ., Абай даңғылы 151 мекен-жайындағы, «Алатау» Бизнес Орталығынан сатып ала аласыз және ТМД -ның кез-келген жеріне курьерлік жеткізілімге тапсырыс бере аласыз.

Негізгі әсер етуші заттар: препарат құрамына химиялық құраушылар кірмейді. Мәлішері және қолдану тәсілі: қабылдау уақытындағы 1 айдан бастап. Қарсы көрсеткіштері: жеке құраушылардың сәйкес келмеуі, жүктілік, бала емдеу.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! НАУҚАН ЖҮРУДЕ! АРТРОРЕЗЕРВ КУРСТЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫНА ТАПСЫРЫС БЕРСЕҢІЗ -30% ЖЕҢІЛДІК!



ББК, әзірлес өнім болып табылмайды
СТР № RU. 77.99.88.003.E.004174.09.18 20.09.2018 ж.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! НАУҚАН ЖҮРУДЕ! «УРОПРОТЕКТОР» КУРСТЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫНА ТАПСЫРЫС БЕРСЕҢІЗ, -30% ЖЕҢІЛДІК!



Негізгі әсер етуші заттар: препарат құрамына химиялық құраушылар кірмейді. Мәлішері және қолдану тәсілі: қабылдау уақытындағы 1 айдан бастап. Қарсы көрсеткіштері: жеке құраушылардың сәйкес келмеуі.

Мына телефон арқылы кеңес ала аласыз және «Уропротекторға» тапсырыс бере аласыз: **8 705 92 55 429** немесе **uroprotector.kz** сайты арқылы.

Кеше еліміз тәуелсіздік алғалы бері 9-шы Аза тұтту күні жарияланды. Осыған дейін шахтадағы екі жарылыстан, су бөгетінің бұзылуынан, ішкіара бөсетіндегі оқиғадан, үш бірдей ұшақ апаты мен терактіден қаза тапқандарды азалаппыз. Бұл жолы коронавирус індетінен марқұм болғандарды еске алуға арналып отыр. Көк байрақ төмен түсіріліп, түс әлетінде барлық мекемелер мен кәсіпорындарда 1 минут үнсіздік жарияланды.

Рәсімдердің мәні неде?

Бір минут үнсіздік деген рәсім қайдан шыққан? Қайдан бастау алған? Болжамдарға қарағанда, күн сайын кешкі 21:00-дің соңғы минутында теңіздегі бүкіл кемелер сөйлесуді доғарып, бір минут эфирде тыныштық орнайды. Осы тыныштық кезінде апатқа кезіккендердің SOS сигналдарын тыңдауға болады. Эфирді тыныш қою – өлгендердің «сөйлеуіне» мүмкіндік беру деген сенім бар.

Тағы бір дерек, алтыстағы Америкаға апарлады. Жаңа құрлыққа барғандардың діни сеніміне байланысты шыққан деген болжам бар. Бірнеше діни ағым өкілдерінің арасында адамды соңғы сапарына шығарып салуға орай түрлі келіспеушіліктер орын алып отырған. Сондықтан діндарлар «үнсіздік сәті» деген ұрымтал тәсіл ойлап тауып, бәрі бірдей тынышталғанда, әркім іштей өз тілінде, өз дәстүр-дініне сай тілек-дұға оқуды ұсынған.

Ал Туды төмен түсіру салтының түп-төркіні неде? Бұл ғұрыптың да негізі әскери-теңіз соғыстарында жатыр. Туды түсіру – капитуляцияның бір белгісі. Алайда кейбір дерек көздері оны

ежелгі грек-рим дәстүрі ретінде сипаттайды.

Туды төмен түсіріп, үстінен бір ту тігерліктей орын қалдырудың өзіндік мәні бар. Ол жерге көрінбейтін ту ілінеді. Ал көрінбейтін ту – аза тұтудың бір белгісі. Дегенмен, үлкен туларды жалауасатпұң ортасына дейін түсіріп қояды. Бұдан бөлек, туға аза тұту таспасын іледі.

Қаралы үйге ту тігу дәстүрі қазақта да бар. Ол туралы «Абай жолындағы» Бөжейдің өліміне қатысты эпизодта тәптіштеп түсіндірілген.

Адам баласы алдағы күнге деген үмітпен өмір сүреді, болашаққа жоспар құрады. Ақ пен қара қатар жүретін тірлікте қуану да, қайғыру да заңдылық. Кеше Аза тұту күнін өткерген барлығымыздың тілегіміз бір болғанына күмәнім жоқ. Ол – індеттің беті қайтып, қалыпты өмірге оралу, ауруханаларда ем алып жатқан науқастардың сауығып кетуі. Енді ешқашан Аза тұту күні жарияланбасын, Туымыз төмен түспесін!

М.МЕРЕҒІ

Өкпені ақысыз тексертуге бола ма?

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры КС және МРТ қызметтері кіретін бекітілген тарифтер бойынша консультациялық-диагностикалық қызметтерді қаржыландырады.

Бүгінгі күні қорда КТ бойынша 140-қа жуық, МРТ қызметі бойынша 100-ге жуық өнім беруші бар. Бұл ретте КТ өнім берушілерінің ең көбі Нұр-Сұлтан, Алматы қалалары, Қарағанды, Шығыс Қазақстан, Алматы облыстарында, МРТ өнім берушілері Алматы, Шымкент, Нұр-Сұлтан қалаларында, Жамбыл, Түркістан және Шығыс Қазақстан облыстарында байқалады.

Алайда аурушандықтың өсуіне байланысты КТ аппараттарының жетіспеушілігі байқалады. Жеке клиникаларда өкпенің компьютерлік томографиясына баға айтарлықтай өсті. Тісінше МӨМС шеңберінде осы қызметті көрсету көлемі төмендеді, өйткені өнім берушілер оларды ақылы негізде ұсынуға мүдделі.

Шынында, өңірлерде инфрақұрылымдық мүмкіндіктерге қатысты проблемалар бар. Бұл мәселелер қордың қузыретінде емес, бірақ жабыдытардың қымбаттығына байланысты компьютерлік томография аппаратын көбінесе орталық қалаларда орналасатынын түсінеміз. Азаматтар үшін дәрігерлер

балама ұсынады. Бұл аймақтарда қолжетімді рентген-зерттеу – деп түсіндірді Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорында.

Қор компьютерлік томография қызметтері сақтандырылған полиентерге МӨМС жүйесі аясында амбулаториялық деңгейде тегін көрсетілетінін нақтылады. Ол үшін тиісті симптомдар болған жағдайда тіркелген жері бойынша емханаға жүгіну керек. Учаскелік дәрігер айғақтарды анықтаған кезде, КТ-ның тегін қызметіне жолдама береді. Бұл жағдайда ол МӨМС арқылы өтеді және қор қаражатты төлейді.

Бірінші тоқсанның қорытындысы бойынша КТ және МРТ көрсетілген қызметтер саны өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 5 есе, ал қаржыландыру көлемі – 7 есе (269 млн теңгеден 2 млрд теңгеге дейін) өсті.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАК облыс бойынша филиалдың халықты ақпараттандыру және өтініштерді қарау жөніндегі бөлімі

Хабарлама

«ТүзқолыМунайГаз Оперейтинг» ЖШС 2007 жылғы 9 қаңтардағы №212-III Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 57-бабының талаптарына сәйкес (20-11) «Батыс Түзқол кенішіндегі мұнай жинау жүйесі. №№110, 113, 115, 116, 117, 165, 175, 176, 178, 213, 254, 258, 259, 261, 290, 307, 311, 315, 323, 324, 328, 329, 340, 343, 345, 351, 352, 358 ұңғымалардан 4” аралық құбырлар тарту. СП-14 спутнигін орнату. СП-14 спутнигін мұнай коллекторын тарту» жұмыс жобасы жөніндегі құжаттаманың мемлекеттік экологиялық сараптамаға қолдандандығы жайлы хабарлайды.

Барлық мүдделі азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік сараптамадан өткізу кезеңінде өздерінің ой-пікірлерін білдіру мүмкіндігі беріледі.

Анықтама алу телефоны: 8(7242) 29-95-40.

Қызылорда облысы көлемінде күзгі-қысы аңшылық маусымының ашылуы жайлы хабарлама

2020-2021 жылдар аралығында күзгі-қысы аң аулауды өткізу мерзімдері:

- **түлкі, қоян аңдарына** – 2020 жылдың 1 қарашасынан бастап 2021 жылдың 15 ақпанына дейін;
- **бөдене, кептерге** – 20 тамыздан бастап 15 шілдеден бастап ұшып кеткенге дейін (бөдене аулау);
- **қаз, үйрек, қасқалдақ** – 5 қыркүйектен бастап 15 желтоқсанға дейін;

- **шіл құсына** – 5 қыркүйектен бастап 15 желтоқсанға дейін.

Қызылорда облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы.

15 тамыздан бастап);
- **борсық аңына** – 5 қыркүйектен бастап 31 желтоқсанға дейін;
- **жабайы қабан аңына** – 1 қыркүйектен бастап 31 желтоқсанға дейін;
- **көкілік құсына** – 1 қазаннан бастап 15 желтоқсанға дейін;
- **қырғауыл құсына** – 15 қазаннан бастап 31 желтоқсанға дейін (аң аулайтын иттермен және аушы құстармен 1 қазаннан бастап) ашылады.

Байланыс тел.: 8(7242) 23-19-66.

Қызылорда облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, «Сыр медиа» ЖШС өз баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.